

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы  
жанындағы Қоғамдық кеңестің  
№27 ХАТТАМАСЫ**

**14 маусым 2024 жыл**  
**Өткізу форматы: аралас**  
**«БЖЗҚ» АҚ ОА күндіз/  
онлайн (Cisco Webex Meetings)**

**Алматы қ.**

**ҚАТЫСҚАНДАР**

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жанындағы  
Қоғамдық кеңес (бұдан әрі – Кеңес, ҚК) мүшелері:

- 1) Ерлан Бурабаев, ҚК төрағасы;
- 2) Александра Алёхова;
- 3) Татьяна Батищева;
- 4) Елена Бахмутова;
- 5) Азамат Жолдасбеков;
- 6) Алевтина Донских;
- 7) Жомарт Нұрабаев;
- 8) Петр Своик (онлайн);
- 9) Евгений Сейпульник;
- 10) Жұмагүл Тәжібекова (онлайн);
- 11) Мұрат Темірханов;

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі -  
БЖЗҚ) өкілдері (дауыс беру құқығынсыз):

- 1) Ж. Б. Құрманов, «БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрағасы
- 2) С. А. Егеубаева, «БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары;
- 3) А.М. Сапин, «БЖЗҚ» АҚ Стратегиялық даму департаменті директорының орынбасары – Актуарлық есептеулер мен болжамдар бөлімінің бастығы;
- 4) М.А. Акмаева, «БЖЗҚ» АҚ Жұртшылықпен байланыс департаменті директорының орынбасары, ҚК хатшысы.

Шақырылған қатысушылар:

ИПБ өкілдері

- 1) В. А. Кышпанаков, "BCC Invest" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары;
- 2) М. Үсенов, меншікті активтерді басқару бөлімінің бастығы ("BCC Invest" АҚ);
- 3) Ф.Р. Охонов, "Haluk Finance" АҚ Басқарма төрағасы;
- 4) Н.Ж. Мұстафин, активтерді басқару департаментінің директоры ("Haluk Finance" АҚ);
- 5) Н.В. Ашинов, "First Heartland Jusan Invest" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары;
- 6) Д.Ж. Нұркенов, активтерді басқару департаментінің директоры ("Сентрас Секьюритиз" АҚ);
- 7) Д. Шумаева, маркетинг және PR дирекциясының директоры ("BCC Invest" АҚ).

Отырысқа Кеңестің 11 мүшесі қатысты. Кворум бар.

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Инвестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) инвестициялық қызметінің таныстырылымдары.

2. Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін дамыту жөніндегі ұсыныстар. Сарапшылар тобының ақпараты.

3. Әртүрлі.

- ұйымдастыру мәселелері;

- Кеңес мүшесі А.М. Жолдасбековтың үндеуі

### **ҚАРАЛДЫ:**

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе** бойынша ИПБ өкілдері кезек-кезек сөз алып, өздерінің инвестициялық стратегияларын ұсынды. Инвестициялау нәтижелері туралы есеп беріп, зейнетақы активтерін басқару келешегі туралы өздерінің көзқарастарын білдірді.

Меншікті активтерді басқару бөлімінің ("BCC Invest" АҚ) бастығы Мәулен Үсенов инвестициялық портфель қызметінің нәтижелері мен құрылымы туралы айтып, Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы (ҚҚҚ), ИПБ, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (ҚНРДА) және БЖЗҚ-ның бірлескен жұмысы жүргізілетін мынадай мәселелерді атап өтті: басқарушы компаниялар үшін бәнчмаркты әзірлеу және бекіту; активтерді нарықтық бағалау қағидаттарын қолдану; нарық жағдайларына жедел ден қою; тәуекел-бейін бойынша әртүрлі портфельдерді қалыптастыру; нарық талаптарының нормативтік құжаттамаларын түзету.

"Haluk Finance" АҚ Басқарма төрағасы Фархад Охонов зейнетақы активтерін басқару жөніндегі жұмыстың нәтижелерімен таныстырып, инвестициялық компанияның жоспарында портфельдегі борыштық құралдардың үлесін ұстап тұру, сондай-ақ, кірістілікті арттыру және тәуекелдерді ауыздықтау мақсатында үлестік құралдарды (30% дейін) және валюталық позицияны ұлғайту (50% дейін) бар екенін атап өтті.

"First Heartland Jusan Invest" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Нұрлан Апинов инвестициялық портфельге шолу жасап, олардың компаниясының негізгі тәсілі "Тәуекел паритеті" стратегиясын қолдану екенін айтты. Мұндай стратегия капиталдың өзін емес, тәуекелді (нарықтың құбылмалылығы тәуекел болып есептеледі) бөлуге бағытталған. Стратегияның негізгі идеясы - активтердің бір түрі төмендеген кезде активтердің басқа түрі осы құлдырауды өтейтіндей етіп бөлінеді. Осылайша портфельдің жалпы серпініне оң әсерін тигізеді.

"Сентрас Секьюритиз" АҚ активтерді басқару департаментінің директоры Дамир Нұркенов, ИПБ жұмысының қорытындысына тоқталып, ИПБ-ның басты міндеті инфляциядан асатын кірістілікті қамтамасыз ету екенін атап өтіп, компания жұмысының нәтижелеріне тоқталып өтті.

Алынған ақпаратты талқылай отырып, Кеңес мүшелері ИПБ-ларға зейнетақы активтерін инвестициялайтын құралдарды таңдау үшін неғұрлым кең және еркін мүмкіндіктер ұсыну қажеттігі туралы пікір білдірді.

Ұсыныс түсті: ИПБ ақпаратын назарға алу.

Дауыс берді:

"қолдаймын" - 11,

"қарсымын" - 0,

"қалыс қалдым" – 0.

Шешім қабылданды.

**Күн тәртібіндегі 2 мәселе бойынша** сарапшылар тобының өкілі Болат Жәмішев сөз сөйледі. Ол қазақстандық зейнетақы жүйесін одан әрі дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу туралы шешім Халықаралық рейтинг – Қазақстанның зейнетақы жүйесі алғаш рет 2023 жылы енгізілген Mercer CFA Institute Pension Index (MCGPI) жаһандық зейнетақы индексінің нәтижелерін зерделегеннен кейін қабылданғанын хабарлады. MCGPI индексі әлем халқының шамамен 64% қамтитын 47 елдің зейнетақы жүйелерін қамтып, талдады. Қазақстан "тұрақтылық" қосалқы индексі (7 орын) және "тұтастық" қосалқы индексі (14 орын) бойынша өте жоғары бағаланды. Бұл біздің елімізде мемлекеттің, қызметкердің және

жұмыс берушінің қатысуына негізделген тұрақты көпдеңгейлі зейнетақы жүйесін құруға негізделген. Қазақстан "лайықтылық" (38 орын) суб-индексі бойынша салыстырмалы түрде төмен баға алды. Ол елімізде азаматтардың табыстары мен зейнетақы жинақтарын арттыру бойынша жүйелі шаралар қабылдау қажет екенін көрсетеді. Қазақстандық зейнетақы жүйесін одан әрі жетілдіру үшін Mercer CFA институты жағдайы нашар қарттарды қолдаудың ең төменгі деңгейін ұлғайту, үй шаруашылықтарының зейнетақы жинақтарының деңгейін арттыруға ынталандыру, зейнетақы жинақтарын қалыптастыру және инвестициялау кезеңінде олардың мерзімінен бұрын пайдаланылуын қысқарту сияқты негізгі ұсынымдар берді.

Сонымен қатар, сарапшылар халықаралық ұйымдардың материалдарын зерделеді. Оларды «БЖЗҚ» АҚ Халықаралық әлеуметтік қамсыздандыру қауымдастығымен (ISSA) бірлесіп 2023 жылдың қыркүйегінде Алматыда ұйымдастырған "Міндетті жинақтаушы және аралас зейнетақы жүйелерін дамыту келешегі" атты жоғары деңгейдегі халықаралық дөңгелек үстелде шетелдік мамандар ұсынған болатын. Дөңгелек үстел барысында Дүниежүзілік банк, Халықаралық еңбек ұйымы, ISSA, OECD, IOPS, FIAP, Mercer CFA, KPMG, Allianz, Amundi және т. б. ұйымдар өкілдерінің баяндамалары тыңдалып, Австралия, Германия, Дания, Израиль, Қытай, Сауд Арабиясы, Уругвай, Чили, Швейцария сияқты бірқатар елдердің өкілдері сөз алды.

Сарапшылар тобына еліміздегі қаржы нарығы мен жинақтаушы зейнетақы жүйесін қалыптастырудың бастауында тұрған Григорий Марченко, Ораз Жандосов, Болат Жәмішев, Қадыржан Дамитов, Әнуар Сәйденев, Елена Бахмутова сияқты белгілі қаржыгерлер кірді. Өзірленген ұсыныстарды сарапшылар Мемлекет басшысына жолдады.

Халықаралық тәжірибе мен ұсынымдарды талдап, актуарлық есептеулерге сүйене отырып, сарапшылар қазақстандық зейнетақы жүйесінің лайықтылығын қамтамасыз ету, халықты қамтуды кеңейту және инвестициялық табыстылықты арттыру бойынша мынадай шараларды ұсынды:

- базалық зейнетақыны нығайту арқылы көпдеңгейлі зейнетақы жүйесінің мемлекеттік құрамдауышын күшейту. Бұл, әсіресе, 1998 жылға дейін қалыптасқан еңбек өтілі аз азаматтардың зейнетке шығуы қарсаңында ортақ зейнетақы мөлшерінің біртіндеп төмендей беретінін ескерсек, өте маңызды. Осы орайда, жұмыс істейтін халықтың еңбек табыстарына қатысты зейнеткерлердің мемлекеттік зейнетақылары құнының құнсыздануына жол бермеу мақсатында зейнетақы жүйесіндегі барлық зейнетақы төлемдерін болжау және есептеу үшін бірыңғай ең төменгі әлеуметтік көрсеткіш ретінде ең төменгі жалақыны (ЕТЖ) айқындау ұсынылды. Бұл тәсіл зейнетақы төлемдерінің тұрақты өлшемдерін құрудың халықаралық тәжірибесіне сәйкес келеді. ЕТЖ мөлшерін пайдалануға кезең-кезеңмен көшу ең төменгі күнкөріс деңгейін пайдаланумен салыстырғанда, анағұрлым лайықты зейнетақыны қамтамасыз етеді. Қазақстан әлеуметтік бағдарланған мемлекет екенін ескере отырып, ортақ зейнетақылардың біртіндеп төмендеуі аясында мемлекеттік бюджеттің мемлекеттік зейнетақыға жұмсалатын шығыстарын базалық зейнетақы мөлшерінің лайықтылығын пропорционалды арттыру жолымен ЖІӨ-нің 3% төмен емес (бұл ЭЫДҰ-ның Австралия, Мексика, Чили және т. б. елдері бойынша ЖІӨ-нің 3-4% мөлшеріне сәйкес келеді, онда жинақтаушы зейнетақы жүйесі де жұмыс істейді) деңгейде тұрақтандыру және қолдау қажет. Нәтижесінде елдің экономикасы мен ЖІӨ өсуімен қатар мемлекеттік зейнетақы (зейнеткерлердің әл-ауқаты) деңгейі де тиісті түрде өсетін болады. Бюджеттен зейнетақымен қамсыздандыруға арналған мемлекеттік шығыстар деңгейі сақталатын болады;

- зейнетақымен қамсыздандырудың жинақтаушы құрамдауышын: а) жеке зейнетақы шоттарындағы жинақтардың көлемін арттыру және жинақтаушы жүйеден берілетін зейнетақы төлемдерінің өмір бойы төленуін қамтамасыз ету; б) жұмыспен қамтылған халықтың жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысуын барынша қамтып, қатысу деңгейінің өсуін ынталандыру (зейнетақы жарналарын төлеудің толықтығы мен жүйелілігі); в) ұзақ мерзімді келешектегі нақты (яғни, инфляциядан жоғары) кірістілік

деңгейінің өсуіне бағытталған зейнетақы активтерін инвестициялық басқарудың тиімділігін арттыру жолымен дамытуды жалғастыру;

Осы мақсаттар үшін 2024 жылдан бастап енгізіліп, 2028 жылға қарай қызметкер табысының 5% жеткізу жоспарланып отырған жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының (ЖМЗЖ):

- 4% мөлшерінде - салымшылардың жеке зейнетақы шоттарына (қызметкердің өзінің 10% міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) сияқты) олардың жеке жинақтарының лайықты деңгейде өсуін қамтамасыз ету үшін (ЭБДҰ актуарлық есептерін ескере отырып);

- 1% мөлшерінде - алушы өзінің зейнетақы жинақтарын тауысқанша алған жағдайда жинақтаушы зейнетақы жүйесінен өмірлік төлемдерді қаржыландыру үшін төлемдерге өмір бойы кепілдік беру шотына бағыттау ұсынылды.

Жұмыспен қамтылған халықтың барлық топтарын жинақтаушы зейнетақы жүйесімен қамтуды арттыру, оған өзін-өзі жұмыспен қамтыған, бейресми жұмыспен қамтылған азаматтарды қосу үшін сарапшылар тұрақты жұмыс берушісі жоқ, бірақ еңбек табысы бар және зейнетақы жарналарын тұрақты түрде (жылына кемінде 12 рет 1 ЕТЖ табысынан) аударып отыратын жеке тұлғалардың міндетті зейнетақы жарналарын мемлекет тарапынан бірлесіп қаржыландыру мүмкіндігін қарауды ұсынады. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, бұл мұндай қызметкерлердің "көлеңкеден" біртіндеп шығуына, олардың кірістерінің ашықтығына, салық түсімдерінің өсуіне ықпал етеді. Зейнетақы жүйесіне қатысу олардың базалық зейнетақыны есептеу үшін пайдаланылатын еңбек өтілдерін және жинақтаушы зейнетақы үшін зейнетақы жинақтарын қалыптастыруларын қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, халықаралық тәжірибені ескере отырып, Ұлттық Банк пен инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) үшін зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша бірқатар ұсынымдар қалыптастырылды:

- сыртқы және ішкі зейнетақы активтері бойынша ұзақ мерзімді келешектегі (дағдарыс кезеңдерін қоспағанда) табыстылықты таргеттеу мүмкіндігі;
- валюта портфелінің үлесін кезең-кезеңімен арттыру (халықаралық тәжірибені және зейнетақы активтері көлемінің біртіндеп өсуін ескере отырып);
- консервативтілігі төмендеу инвестициялық басқару (кірісті арттыру мақсатында):
  - сыртқы активтер бойынша – өсіп келе жатқан активтерге инвестициялар;
  - ішкі активтер бойынша – МБҚ және квазимемлекеттік сектордың бағалы қағаздарына инвестициялар үлесін кезең-кезеңімен төмендету және сенімді корпоративтік бағалы қағаздар арқылы экономикаға инвестицияларды арттыру;
- басқарушы компаниялардан әртүрлі инвестициялық стратегиялары бар бір немесе бірнеше портфельін салымшылардың өз бетінше таңдау құқығымен көп портфельді басқаруды енгізу (басқарудың бәсекелестік нарығын дамыту және салымшылардың мүдделерін есепке алу мақсатында).

"БЖЗҚ" АҚ Басқарма төрағасы Жанат Құрманов әлемнің түрлі елдеріндегі зейнетақы жүйелерінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етудің халықаралық тәжірибесін мысалға келтірді. Деректер үлестіруші зейнетақы жүйелерінің қаржылық тұрақсыз екендігін және мемлекеттік бюджеттен субсидиялардың тұрақты өсіп отыруын талап ететіндігін көрсетеді. Ал жинақтаушы зейнетақы жүйелері құрылымды жақсартып, жұмыспен қамтуды ресімдеу көрсеткішін арттырады. Өйткені, салымшының болашақ зейнетақы төлемдері оның жарналарына (кірістен аударымдарға) тікелей байланысты. Оның қалыптастырған жинағына меншік құқығы өзіне ғана тиесілі. Сонымен қатар, дағдарыс кезеңінде зейнетақы жинақтары инвестициялардың ішкі көзі бола отырып, сырттан қарыз алуды және халықаралық нарықтарға тәуелділікті төмендетуге, ЖІӨ өсуінің тұрақтылығын және ел экономикасына жасалатын инвестициялардың тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жинақтаушы зейнетақы жүйелерін капиталға

инвестиция жасау, еңбек нарығының өсуі және жалпы факторлық өнімділік есебінен енгізген елдер ЖІӨ-нің 0,3-тен 0,6%-ға дейінгі қосымша жылдық өсімін алады.

Жанат Құрманов экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) жүргізген ұзақ мерзімді экономикалық есептеулер бойынша жоғалған еңбек табысын зейнетақы табысымен (зейнеткерлікке шыққан кезде) кемінде 30% деңгейінде алмастыру коэффициентін қамтамасыз ету үшін міндетті зейнетақы жарналарының 13-тен 18%-ға дейінгі мөлшерлемесі қажет екенін атап өтті. Сарапшылар ұсынатын 14% мөлшерлеме (10% МЗЖ және 4% ЖМЗЖ) осы өлшемдерге сәйкес келеді. Сондай-ақ, БЖЗҚ басқарма төрағасы егер 1999 жылы әлем бойынша жинақтаушы зейнетақы жүйесі бар тек 17 мемлекет болса, 2022 жылы – 51 ел болғанын атап өтті. Ол MCGPI 2023 жаһандық зейнетақы индексында №1 рейтинг алған Нидерланды мемлекетін мысалға келтірді. Бұл ел өзінің зейнетақы жүйесінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында 2028 жылға қарай белгіленген жарналары бар жинақтаушы жүйеге толық көшуді жоспарлап отырған ел.

Талқылау нәтижелері бойынша мынадай ұсыныс түсті: Қазақстандық зейнетақы жүйесінің қаржылық тұрақтылығы мен лайықтылығын арттыру бойынша сараптамалық топтың ұсыныстарын қолдау.

Кеңес мүшесі Петр Своик жасалған ұсыныстардың дұрыс, бірақ жеткіліксіз екендігін білдіріп, алынған ақпаратты назарға алуды ұсынды. Зейнетақы жүйесінің мәселелері кешендік жүйелі шешімдерді қажет етеді, әйтпесе олар шиеленісе түседі.

Дауыс беруге сараптамалық топтың ұсынысын қолдау және материалды epf.kz сайтына жұртшылықпен таныстыру үшін орналастыру ұсынысы шығарылды:

«қолдаймын» – 7

«қарсымын» – 1

«қалыс қалдым» – 3.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды.

Сарапшылардың ұсыныстарының толық таныстырылымы, сондай-ақ зейнетақы жүйелерін құрудың халықаралық тәжірибесі бойынша материалдар epf.kz сайтындағы "Қор туралы" – "Қоғамдық кеңес" – "Хаттамалар, таныстырылымдар" – 27 отырыс бөлімінде орналастырылған.

### **Күн тәртібіндегі 3 мәселе бойынша**

Кеңестің мәртебесі, оның БЖЗҚ басқармасымен, Директорлар кеңесімен, мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы мәселелері талқыланды.

Қоғамдық кеңестің мүшесі Азамат Жолдасбеков Кеңестің қарауына зейнетақы төлемдерін тағайындау тәртібін реттейтін Әлеуметтік кодекс нормаларының Конституцияға сәйкестігі тұрғысынан Қазақстан Республикасының Конституциялық сотына жүгіну туралы ұсыныс шығарды.

Талқылаудан кейін осы өтінішті заңгерлермен бірлесіп пысықтау ұсынылды.

Жанат Құрманов Кеңес мүшелерін БЖЗҚ заңгерлері Кеңес мүшелерінің Қазақстан Республикасының Конституциялық сотына ұсынатын өтінішінің мәтінін дайындайтынына сендірді.

Дауыс беруге Қазақстан Республикасының Конституциялық сотына зейнетақы төлемдерін тағайындау тәртібін реттейтін Әлеуметтік кодекс нормаларының Конституцияға сәйкестігі тұрғысынан ұжымдық түрде (Қазақстан Республикасы азаматтарының тобы ретінде) жүгіну, ол үшін БЖЗҚ Басқарма төрағасынан Қор заңгерлеріне Қазақстан Республикасының Конституциялық сотына жолданатын өтініштің мәтінін дайындауды тапсыруды сұрау ұсынысы шығарылды.

Дауыс берді:

«қолдаймын» – 11

«қарсымын» – 0

«қалыс қалдым» – 0.  
Шешім қабылданды.

**ШЕШТІ:**

**Отырыстың күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша:**

Инвестициялық портфельді басқарушылардың инвестициялық қызметі туралы ақпаратты назарға алу.

**Отырыстың күн тәртібіндегі 2 мәселе бойынша:**

Көпшілік дауыспен сараптамалық топтың Қазақстандық зейнетақы жүйесінің қаржылық тұрақтылығы мен лайықтылығын арттыру жөніндегі ұсыныстарын қолдау және материалды eprf.kz сайтына жұртшылықты таныстыру үшін орналастыру.

**Отырыстың күн тәртібіндегі 3 мәселе бойынша:**

Қазақстан Республикасының Конституциялық сотына зейнетақы төлемдерін тағайындау тәртібін реттейтін Әлеуметтік кодекс нормаларының Конституцияға сәйкестігі тұрғысынан ұжымдық түрде (Қазақстан Республикасы азаматтарының тобы ретінде) жүгіну, ол үшін БЖЗҚ Басқарма төрағасынан Қор заңгерлеріне Қазақстан Республикасының Конституциялық сотына жолданатын өтініштің мәтінін дайындауды тапсыруды сұрау.

**ҚК төрағасы**

**Е. Бурабаев**

**ҚК хатшысы**

**М. Акмаева**